

**6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелері (ұлттық және халықаралық тәжірибе)» тақырыбына орындалған Рашева Гульнур Койшыновнаның диссертациясына ресми рецензенттің**

## **ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламамен (практикалық және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қарастырылып отырған Г.К. Рашеваның диссертациялық жұмысының тақырыбы қазіргі кездегі отандық экологиялық, аграрлық, кеден заңнамалары мен құқыққолдану тәжірибесін реформалау кезеңінде өзекті болып саналады.

Халықаралық сауда көлемінің артуы мен Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына, Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше болуы барысында еліміздегі фитосанитарлық ахуалға қауіп туындап, өсімдік өнімдерімен карантинді ағзалардың Қазақстан аумағына ену қатері артып отыр. Бұл орайда, фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін халықаралық бақылауды күшейту және халықаралық ынтымақтастықты дамыту маңызды болып табылады.

Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық нормаларды талдау, оларды отандық тәжірибеде дұрыс қолдана білу осы саладағы заңнама мен әлемдік тәжірибені унификациялаудың заңды үрдісі болып табылады. Әрбір мемлекет үшін халықаралық және ұлттық құқық нормаларының арақатынасы маңызды болып саналады. Халықаралық құқықтық нормаларды имплементациялау арқылы мемлекет өз мойнына алған міндеттемелерін жүзеге асыруға құқықтық жағдай туғызады.

Мемлекеттің фитосанитарлық заңнамасы мемлекетке өзінің халықаралық міндеттемелерін орындауға және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстанның халықаралық міндеттемелері Өсімдік карантині және оларды қорғау туралы конвенциядан, Санитарлық әрі фитосанитарлық шараларды қолдану туралы ДСҰ келісімінен, сондай-ақ бірқатар халықаралық келісімдерден туындайды. Бұл халықаралық құжаттарда көрсетілген негізгі қағидаларды қатаң сақтау және ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттармен гармонизациялау өзекті мәселе болып табылады.

Өсімдік өнімдерін кеңінен экспорттауға бағыт алған және оларды өзінің ішкі нарығына көптеп импорттап отырған Қазақстан үшін фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудің ішкі (ұлттық) және сыртқы (халықаралық әрі шетелдік) құқықтық мәселелері аса маңызды болмақ. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми әрі жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практика мен ғылым дамуының сұраныстарымен) байланысы өте тығыз екендігіне ешбір күмән жоқ.

**2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми**



## **нәтижелері.**

Ізденуші қол жеткізген ғылыми нәтижелері фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету саласындағы теориялық, құқыққолданушылық, заңшығармашылық мәселелерді шешуде өзіндік шешу жолдары мен ұсыныстар жасауымен ерекшеленеді. Г.К. Рашеваның ұсынып отырған диссертациялық жұмысын саралай отырып, диссертанттың қол жеткізген келесідей ғылыми нәтижелерін атап өтуге болады:

**Бірінші ғылыми нәтиже.** Фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымының авторлық анықтамасы ұсынылған.

**Екінші ғылыми нәтиже.** Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының анықтамасы беріліп, түрлері белгіленген.

**Үшінші ғылыми нәтиже.** Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету нормаларының Қазақстанның ұлттық құқық жүйесіндегі орны анықталған.

**Төртінші ғылыми нәтиже.** «Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік құқықтық тетігі» ұғымына түсініктеме беріліп, осы салада жаңа мемлекеттік органды құру бойынша ұсыныс негізделген.

**Бесінші ғылыми нәтиже.** «Фитосанитарлық кәсіпкерлік» ұғымының құқықтық айналымға енгізілуі негізделген.

**Алтыншы ғылыми нәтиже.** Халықаралық электронды фитосанитарлық сертификаттар «хабына» қосылу қажеттілігі негізделген.

**Жетінші ғылыми нәтиже.** «Қазақстан Республикасының фитосанитарлық қауіпсіздігі туралы» заңының жобасы дайындалып, оны қабылдау қажеттілігі негізділген.

## **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Ізденушінің қол жеткізген нәтижелерінің барлығы шынайы және экологиялық, аграрлық, кеден, жер құқығы бойынша арнайы заң әдебиеттеріне сүйене отырып қол жеткізілген.

**Бірінші және екінші ғылыми нәтиже.** Фитосанитарлық қауіпсіздік мәселелері бойынша теориялық көзқарастарды, отандық және халықаралық заңнаманы, оның қалыптасу тарихын зерттеуге негізделген.

**Үшінші, төртінші, бесінші ғылыми нәтиже.** Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құқық институты ретіндегі қалыптасуының алғышарттары осы саладағы ғылыми тұжырымдарды талдау нәтижесінде, экологиялық, аграрлық құқық жүйесіндегі фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормаларының құқық жүйесіндегі орны және өсімдік қорғау құралдары режимі Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнама мен халықаралық стандарттарға сүйене отырып айқындалған, шынайы және негізделген нәтиже болып саналады.

**Алтыншы және жетінші ғылыми нәтиженің** шынайылығы мен негізділігі халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастық мәселелері осы саладағы шет елдік тәжірибені зерттей отырып қамтамасыз етілген.



**4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық деңгейі.**

Қазіргі таңда фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелеріне арналған кешенді зерттеуге арналған еңбектер кездеспейді, бұған дейін фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету отандық заң ғылымында зерттеу объектісі болған емес. Бұл болса ұсынылып отырған диссертация тақырыбының ғылыми жаңалығын көрсетеді:

**Бірінші ғылыми нәтиже.** Ішінара жаңа нәтиже болып табылады, өйткені отандық құқық ғылымында бұл анықтама алғаш рет тұжырымдалғанымен, шет елдерде бұған ұқсас анықтамалар кездеседі.

**Екінші ғылыми нәтиже.** Ішінара жаңа нәтиже болып табылады, себебі қазақстандық құқық ғылымында бұл анықтама алғаш рет тұжырымдалғанымен, шет елдерде бұған ұқсас анықтамалар кездеседі.

**Үшінші ғылыми нәтиже.** Жаңа нәтиже болып есептеледі, өйткені фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету нормаларының Қазақстанның ұлттық құқық жүйесіндегі орны алғаш рет негізделіп анықталуда.

**Төртінші ғылыми нәтиже.** Жаңа нәтиже болып табылады, өйткені отандық құқық ғылымында «фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік құқықтық тетігі» ұғымына алғаш рет түсініктеме беріліп, осы салада жаңа мемлекеттік органды құру бойынша ұсыныс бірінші рет жасалып отыр.

**Бесінші ғылыми нәтиже.** Жаңа нәтиже болып танылады, өйткені «фитосанитарлық кәсіпкерлік» ұғымын құқықтық айналымға енгізу қажеттігі қазақстандық құқық ғылымында алғаш рет негізделіп отыр.

**Алтыншы ғылыми нәтиже.** Жаңа нәтиже болып табылады, өйткені халықаралық электронды фитосанитарлық сертификаттар «хабына» қосылу қажеттілігі отандық құқық ғылымында алғаш рет негізделуде.

**Жетінші ғылыми нәтиже.** Жаңа нәтиже болып табылады, өйткені «Қазақстан Республикасының фитосанитарлық қауіпсіздігі туралы» арнайы заңын қабылдау қажеттілігі бұдан бұрын отандық құқық ғылымында негізділіп ұсынылмаған болатын.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.**

Диссертацияда ұсынылған нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылардың өзара ішкі байланысы орын алуда. Олар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, ғылыми талаптар мен ұсыныстарына сәйкес келеді. Диссертацияның құрылымдық бөлімдері бір-біріне үйлесімді болып келеді.

Диссертациялық зерттеу құқықтың бірқатар салаларына қатысты пәнаралық мағынасы бар мәселелерді терең әрі жан-жақты теориялық топтау сипатына ие. Диссертациядағы қорытындылар мен тұжырымдар шынайы әрі ғылыми тұрғыдан негізделген болып табылады.

Жұмыста тәжірибеде туындап отырған және ғылыми әдебиеттердегі дау туғызатын мәселелер бойынша автордың ұстанымы байқалады.

#### **6. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық**



## **маңыздылығы.**

Г.К. Рашеваның жұмысы аяқталған, ішкі бірлігі сабақтасқан, жүйеленген, кешенді зерттелген, теориялық және тәжірибелік құндылығы жоғары жұмыс болып табылады.

Зерттеу жұмысындағы қол жеткізілген тұжырымдар мен ережелерді, ұсыныстар мен қорытындыларды теориялық және тәжірибелік бағыттарда қолдануға болады. Теориялық бағытта, жоғарғы оқу орындарында «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын бакалавриат студенттеріне «Экологиялық құқық», «Аграрлық құқық», «Кеден құқығы» пәндерін оқытуда, магистратура мен докторантура деңгейінде арнайы пән ретінде дәріс және семинар сабақтарын әзірлеуде және бұдан кейінгі зерттеулерді, оқу құралдарын дайындауда қолдануға болады.

Тәжірибелік мақсатта, ҚР мемлекеттік органдарының қызметін жетілдіру бойынша заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуде қолдануға болады.

## **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдар мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Г.К. Рашеваның диссертациялық жұмысты орындалу кезінде жарияланған ғылыми мақалалары мен өзге ғылыми-зерттеулерінің саны – 12, оның ішінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда 5-мақала және «Scopus» базасына кіретін «Journal of Environmental Management and Tourism» журналында 2-мақала, алыс шетелдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 1-мақала, сондай-ақ Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 4-мақала жарияланған.

Ізденушінің зерттеу барысында анықталған ғылыми ұсыныстары мен қорытындылары, ережелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында, ҚР БЖҒ Министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланып, сыннан өткенін дәлелдейді.

## **8. Академиялық адалдық және тәуелсіздік қағидасының сақталуы**

Аталған диссертациялық зерттеу жұмысында автор академиялық адалдық қағидасының шеңберінде жұмыс жасаған, автор басқа авторлардың еңбектерін адал қолданған, олардың жұмыстарына сілтемелерді көрсетіп, сонымен қатар қолданылған құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерге тиісті сілтемелерді жасаған және сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдік алмастырылуы байқалмайды. Сонымен қатар, диссертациялық жұмысты дайындауда автордың дербестік және тәуелсіздік қағидасы шеңберінде жұмыс жасағанын оның жасаған қорытындылары мен ұсыныстарынан байқауға болады.

## **9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Диссертациялық жұмыс авторының қол жеткізген нәтижелері мен ғылыми жаңалығының маңыздылығын атай отырып, анықталған кемшіліктерді көрсете кету керек:



1. Диссертациялық зерттудің объектісін Қазақстан Республикасындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарға халықаралық қатынастарды қосу арқылы кеңейтіп белгілеу керек еді, өйткені диссертация мазмұнында автор бұл саладағы шетелдік және халықаралық тәжірибеге көңіл бөлген.

2. Дүниежүзілік сауда ұйымының Дауларды шешу органы тәжірибесіндегі фитосанитарлық шараларды қолдануға байланысты дауларды қарастырған кезде жұмыстың құндылығы одан ары арта түсер еді.

3. Жұмыста фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы шет елдік соттардың тәжірибесін қарастырған жағдайда осы саладағы мәселелерді шешу жолдарын анықтауға мүмкіндік пайда болар еді.

Жоғарыда аталған ескертулер ұсыныс ретінде беріліп отыр және олар диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығын төмендетпейді.

### **10. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарына сәйкестігі.**


Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны мен рәсімделуі 2011 жылғы 31 наурызындағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру ережесі» талаптарына және ғылыми мамандық паспортына сәйкес келеді.

Г.К. Рашеваның диссертациясы фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелеріне арналған жаңа, ғылыми негізделген ұсыныстарын, қорытындыларын, теориялық және тәжірибелік нәтижелерін қамтитын кешенді зерттеу жұмысы болып табылады.

Диссертациялық жұмысқа оң пікірімді бере отырып, Рашева Гульнур Койшыновнаның «Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелері (Ұлттық және халықаралық тәжірибе)» тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сәйкес келеді және «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

#### **Ресми рецензент:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ Ұлттық университеті  
халықаралық қатынастар  
факультетінің деканы  
заң ғылымдарының докторы



**С.Ж. Айдарбаев**

**11 қаңтар 2021 жыл**

РАСТАВМЫН  
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадр  
даярлау және аттестаттау басқармасының  
ЗАВЕРЯЮ  
Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова



« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж.л.